

«Дария» балабақшасының педагогикалық кеңесінің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жоспары

Мақсаты: оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу.

№	Педагогикалық кеңестің тақырыбы	Өткізу нысаны	Мерзімі	Жауаптылар
№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС				
1	«Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, ОЖЖ бекіту	Презентация	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер
2	«Жаңа оқу жылында МЖМБС талаптарын іске асырудың ерекшеліктері»	Пікірталас	Қыркүйек	Әдіскер, проблемалық топ
3	«Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары»	Шеберлік сағаты	Қыркүйек	Педагог-психолог
№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС				
1	«Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері»	Тәжірибе алмасу	Қараша	Проблемалық топ
2	«Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау»	Дөңгелек үстел	Қараша	Педагог-психолог
3	«Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы»	Шеберлік сынып	Қараша	Тәжірибелі педагогтар
№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС				
1	«Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер»	Панельдік талқылау	Қаңтар	Проблемалық топ
2	«Ата – аналармен өзара әрекеттесудің жаңа формалары мен нәтижелері.»	Тренинг	Қаңтар	Әдіскер, IT-жауапты педагог
№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС				
1	«Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру»	Тайм-практик	Наурыз	Проблемалық топ
2	«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі»	Дөңгелек үстел	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер»	Пікірталас	Наурыз	Әдістемелік бірлестік
№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС				

1	«2025/2026оқу жылындағы МДҮ жұмысының қорытындысы»	Шығармашылық есеп	Мамыр	Әдіскер, педагог-психолог
2	«Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар»	Аналитикалық талдау	Мамыр	Әдістемелік кеңес
3	«Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар»	Презентация	Мамыр	Менгеруші, әдіскер

«Dagiya» балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, ОЖЖ бекіту.
2. «Жаңа оқу жылында МЖМБС талаптарын іске асырудың ерекшеліктері».
3. «Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі сөз алып қатысушыларды оқу жылының басталуымен құттықтап, сңбектеріне табыс тіледі. Сонымен қатар осы оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысына «Айналайын» тобының тәрбиешісі А.Шамишеваны ұсынды.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің бірінші сұрағы бойынша балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. баяндады. Өз сөзінде меңгеруші биылғы жылдың басты мақсаттары мен мемлекеттік стандарт талаптарына тоқталды.

Балалардың қауіпсіздігі, дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін атап өтті. Сонымен қатар меңгеріші ұжымда 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарының презентациясын ұсынды. Слайдтар арқылы келесі негізгі бағыттар көрсетілді.

- Балабақшаның жаңа оқу жылындағы мақсаты мен міндеттері.
- Педагогикалық кеңестердің, ұйымдастырылған іс – әрекеттер кестесі.
- Ата – аналармен жұмыс және мерекелік іс – шаралар жоспары.
- Балалардың денсаулығын нығайту және сауықтыру шаралары.

Сөз алды:

Тәрбиеші К.Меңдіғалиева презентацияда көрсетілген ұйымдастырылған ашық іс – әрекеттің уақытын өзгертуге болама деп сұрады.

Меңгеруші бұл сұраққа топтың ерекшелігіне қарай қыркүйек айының ортасына дейін түзетуге рұқсат берілетінін айтты.

Тыңдалды:

Келесі сұрақ бойынша балабақша әдіскері А.Усербаева сөз алып МЖМБС талаптарын орындаудағы негізгі бағыттарды атап өтті. Өз сөзінде әдіскер балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру және тәрбиешілердің оқу – тәрбие жұмысын жаңа әдіс – тәсілдермен толтыру керектігін айттып өтті.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі «Педагогтың кәсіби құзіреттілігін арттыру жолдары.» туралы айтты. Меңгеруші өз сөзінде педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру – заманауи талап деді.


Қаулы:

1. Балабақшаның «Педагогикалық старт» бағытындағы дайындық жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Түзетулер мен ұсыныстарды ескере отырып, 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.
3. Барлық педагогтер өз топтарының перспективалық және циклограмма жоспарын дайындасын.
4. Педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру мақсатында курстар, семинарлар, шеберлік сағаттары тұрақты түрде өткізілсін.

Төрайым:  Жакупова Г.З.

Хатшы:  Алиева А.Б.





«Dariya» балабақшасы

Баяндама

Тақырыбы: «Педагогикалық старт-кәсіби өсу баспалдағы»

Дайындаған б/б меңгерушісі: Г.З.Жакупова

2025 жыл

«Dargiya» балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№2 Хаттамасы

Қараша 2025 жыл

Қатысқандар: 7

Күн тәртібінде:

1. «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері».
2. «Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау».
3. «Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы».

Сөз алды:

Балабақша әдіскері А.Усербаева сөз алып тәрбиешілер тарапынан перспективалық жоспар уақытында жасалып, бекітілгенін айтты.

Тыңдалды:

Педкеңестің бірінші сұрсы бойынша балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. баяндады. Өз сөзінде экологиялық тәрбиенің маңыздылығы, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары айтылды. Балабақшада табиғат бұрышы, маусымдық бақылау күнделіктерін жүргізудің тиімділігі түсіндірілді және экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ойын, тәжірибе, серуен, жобалық әдістердің орны ерекше екенін атап өтті.

Сөз алды:

«Болашақ» тобының тәрбиешісі А.Алиева балалармен «Эко – апта», «Таза – аула» сияқты іс – шаралар өткізудің пайдасы бар екенін айтты.

Тыңдалды:

Екінші сұрақ бойынша меңгеруші сөз алды. Меңгеруші өз сөзінде жаңа келген балалардың бейімделу қиындықтарын айтты. Өз сөзінде балабақшаға алғаш келген балаларға ата-анамен бірлескен қолдау жұмыстарының маңызы екенін және балалардың эмоционалды жай-күйін тұрақтандыруға арналған ойындар мен жаттығулар жасау ұсынды. Жаңадан келген балаларға «досыңмен таныс» және топтық ойындар ойнау ұсынылды.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің үшінші сұрағы бойынша әдіскер А.Усербаева «Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамасында балаларға білім беруде ойынның рөлі ерекше екені аталды және мектепке дейінгі жастағы балалардың басты әрекеті – ойын екенін атап өтті. Ойын арқылы балалардың қиялы, логикалық ойлауы және шығармашылық белсенділігі артады. Сюжеттік – рольдік, дидактикалық және театрландырған ойындар баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді, деді әдіскер.

Сөз алды:

«Еркетай» тобының тәрбиешісі Д.Ибраимова ойын барысында балалар өздерін еркін ұстайды, саусақ ойындары мен құм терапиясы баланың ұсақ моторикасын ғана емес, шығармашылық қиялын да жақсы дамытады деді.

Қаулы:

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған айлық іс-шаралар жоспары жасалсын.
2. Балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Ойын арқылы оқытуды шығармашылық қабілеттерді дамытуда негізгі әдіс ретінде пайдалану жалғастырылсын.

Төрағаты: Жакупова Г.З.
Хатшы: А.Б. Алиева



«Dagiya» балабақшасы
Педагогикалық кеңестің
№3 Хаттамасы

Қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. «Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс – тәсілдер.»
2. «Ата – аналармен өзара әрекеттесудің жаңа формалары мен нәтижелері.»

Сөз алды:

Балабақша әдіскері А.Усербаева өткен педкеңесте қабылданған қаулының орындалуы туралы айтып өтті. Ол өз сөзінде «Айналайн» тобында «Біз орманды қорғаймыз» және «Болашақ», «Достық» топтарында «Табиғатқа мейрім» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Ата – аналардың қатасуымен «Қалдық заттарға жан бітіреміз.» тақырыбында көрмелер ұйымдастырылды.

Тыңдалды:

Педкеңестің бірінші сұрағы бойынша «Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс – тәсілдер» тақырыбында меңгеруші Жакупова Г.З. баяндама жасады. Ол баяндамада мектеп жасына дейінгі жаста функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабы. Ойын және зерттеу әрекеттері арқылы баланың өмірлік дағдыларын дамыту қажет екенін айтты.

Тыңдалды:

Педкеңестің екінші сұрағы бойынша «Ата – аналармен өзара әрекеттесулердің жаңа формалары мен нәтижелері» тақырыбында әдіскер А.Усербаева баяндама жасады. Ол өз баяндамасында замануи балабақша мен отбасының ынтымақтастығы тек дәстүрлі жиналыстармен шектелмеуі тиіс екенін атап өтті. Ол енгізіліп жатқан жаңа формалармен таныстырды.

- «Ата – аналар клубы» - отбасылық құндылықтар мен бала психологиясы бойынша тренингтер алаңы.
- «Үштік одақ» - (бала – ата – ана, балабақша)
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында бірлескен әлеуметтік жобалар ұйымдастыру керек деді әдіскер.

Сөз алды:


«Болашақ» тобының тәрбиешісі А.Алиева сөз алды. Ол ата – аналармен жұмыстың жаңа формаларын қолдану оң нәтиже беретіндігін айтты.

Қаулы:

1. №2 педкеңесте қабылданған «Эккологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері» қаулысының орындалу барысы «жақсы» деп танылсын.
2. Ата – аналармен жұмыстың инновациялық формаларын тәрбиешілер ата – анамен байланыста қолдансын.
3. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер тәрбиешілердің тәжірибесінде тұрақты қолданылсын.

Төрайымы: Жақимова Г.З.
Хатшы: Шамишева А.А.







«Dargiya» балабақшасы

**Балалардың функционалдық
сауаттылығын дамытудағы
жаңа әдіс – тәсілдер.**

Баяндамашы : Жакупова Г.З.

2026 жыл

ХАТТАМА

№4 педагогикалық кеңес

Наурыз, 2026 жыл

Қатысқандар: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру».
2. «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі».
3. «Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер».

Сөз алды :

Педагогикалық кеңесте балабақша меңгерушісі Жакупова Г.З. өткен пед.кеңесте қабылданған қаулының қаншалықты орындалғаны туралы айтып өтті. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдіс – тәсілдер арқылы қарапайым математикалық есептерді өмірде қолдану мысалы «Болашақ» тобында тәрбиеші А.Алиеваның ұйымдастыруымен өткізілген «Дүкен», «Айналайын» тобындағы А.Шамишованың ұйымдастыруымен өткізген «Банкомат»; «Достық» тобындағы тәрбиеші Мендигалиеваның ұйымдастыруымен өткізілген «Әмиян» тақырыбындағы рөлдік – сюжеттік ойындар балалардың алған білімдерін өмірде пайдалана алатындықтарының кепілі, деді меңгеруші.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі 1 – мәселе «Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында меңгеруші айтып өтті. Бала қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау – мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі. Қазіргі ортада балаларды қоршаған ортада түрлі қауіп – қатерлер бар; тұрмыстық жарақат, жол – көлік жағдайлары, табиғи және техногендік апаттар, сондай – ақ денсаулықты сақтау мәдениетінің төмендігі. Сондықтан балаларға қауіпсіздік дағдыларын ерте жастан үйрету және салауатты өмір салтын қалыптастыру өте маңызды, деді меңгеруші.

Сөз алды:

«Болашақ» тобының тәрбиешісі Алиева А. Осы мәселе бойынша сөз алып, өз пікірімен бөлісті. Өз сөзінде келесі оқу жылында кемінде 2 рет қауіпсіздікке арналған оқу – жаттығу жұмысы жүргізілсін деді.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің екінші сұрағы «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі» бойынша балабақша әдіскері Усербаева А. сөз алды. Әдіскер өз сөзінде отбасының тәрбиелік рөлі және балабақшадағы тәрбие жұмысының өзара байланысы туралы

ата – анамен өзара қарым – қатынас орнатудың тиімді жолдарын қарастырды.

Сөз алды:

«Достық» тобының тәрбиешісі К.Мендигалиева келешекте ата – анамен бірлескен «Отбасылық құндылықтар» клубының жұмысы іске қоссақ деген ұсыныс айтты.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Усербаева сөз алып «Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер» тақырыбында сөз сөйлеп тәрбиешілердің педагогикалық тәжірибесінде қолданылып жүрген инновациялық әдістемелер туралы, ойын арқылы оқыту, жобалық әдіс, STEAM технологияларын қолдану тәжірибесі туралы айтып өтті.

Сөз алды :

«Еркетай» тобының тәрбиешісі Ибраимова Д.И. жыл соңында «Үздік тәрбиеші» байқауы ұйымдастырылып «үздік инновациялық әдіс» бөлімі енгізілсін деген ұсыныс айтты.

Қаулы:

1. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізілсін.
3. Инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі кеңейтіліп, үздік педагогикалық бастамалар қолдау тапсын.

Төраға:  Жакупова Г.З.

Хатшы: Алісва А.Б.



ХАТТАМА
№5 педагогикалық кеңес

Мамыр, 2026 жыл

Қатысқандар: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы».
2. «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар».
3. «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар».

Сөз алды:

Балабақша меңгерушісі өткен пед.кеңесте қабылданған қаулылардың қаншалықты орындалғаны туралы айтып өтті. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша елеулі жұмыстар жүргізілгенін және 2026-27 оқу жылдарында балаларға арнайы «қауіпсіздік мектебі» жұмысы құрылатыны айтты.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Усербаева А.У. оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие-білім беру процесінің қорытындысын ұсынды.

Жыл ішінде өткізілген ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, әдістемелік жұмыстар сараланды.

Сөз барысында балалардың даму деңгейі бойынша жүргізілген диагностика нәтижелерін таныстырып өтті.

Оқу жылындағы балалар мен ата – аналардың қатысуымен өткізілген ұлы Абайдың туғанына 180 жылдығына орай өткізілген «Абайды оқы, таңырқа!», ақиық ақын М.Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай өткізілген «Бақыт деген» деген

тақырыптарында өткізілген іс – шаралар жоғары деңгейде өтіп, оң бағасын алды. «Болашақ», «Еркетай» топтарында өткен ашық есік күндеріне ата – аналардың қызығушылықтарын оятты.

Ұйымдастырылған ашық іс – әрекеттер арасынан Шамишева Арай мен Меңдіғалиева Күнсұлудың іс – әрекеттерінен тәрбиешілер көп тәжірибе жинақтады деді, әдіскер.

Тыңдалды:

«Болашақ» тобының тәрбиешісі сөз алып жыл ішінде жасалған жұмыстар бойынша, тәжірибелік-әдістемелік қор құрастырылсын деген ұсыныс айтты.

Сөз алды:

Педагогикалық кеңестің екінші сұрағы бойынша аға тәрбиеші Шамишева А. Сөз алып биылғы оқу жылында тәрбиешілердің кәсіби өскендігін және инновациялық әдістер(реджио, мнемокесте) енгізілуі оң нәтиже беріп


Тындалды:

Қорыта айтқанда меңгеруші ұжымның бірлескен еңбегі арқылы балаларға жайлы орта қалыптастырып, сапалы білім менсаналы тәрбие беруге барлық жағдай жасалады деп сенеміз деді.

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс қорытындысы бекітілсін.
2. Жетістіктерді арттыру, кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты іс-шаралар жоспары құрылсын.
3. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы және жүйелі түрде жүргізілсін.

Хатшы:  Алиева А.Б.







«Dariya» балабақшасы

***Балабақшада жаңа оқу жылына
дайындық: басым бағыттар***

Баяндамашы : Усербаева А.У.

2026 жыл